

Қарағанды қаласында пилоттық республикалық фармацевтикалық кластер құру және оны дамыту жөніндегі жоспарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 1296 Қаулысы

Қазақстан Республикасы экономикасының орнықты өсуі және оны әртараптандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қарағанды қаласында пилоттық республикалық фармацевтикалық кластер құру және оны дамыту жөніндегі жоспар (бұдан әрі - Жоспар) **б е к і т і л с і н .**

2. Мүдделі министрліктер мен ведомстволар, Қарағанды облысының әкімі:

1) Жоспардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы талдамалық ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалуы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 8 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 2 9 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қарағанды қаласында пилоттық республикалық фармацевтикалық кластер құру және оны дамыту жөніндегі жоспар

Соңғы жылдары елдің бүкіл экономикасы өсімінің жоғары көрсеткіштеріне және республикадағы денсаулық сақтау жүйесінің дамуына негізделген ішкі

фармацевтикалық нарықтың жоғары өсу қарқыны байқалды.

2005 жылы қазақстандық дәрі-дәрмек заттары нарығының көлемі өндіруші бағасында 596 (бес жүз тоқсан алты) миллион АҚШ долларын құрады, олардың ішінде тек 40 (қырық) миллион АҚШ долларына ғана Қазақстанда өндірілген.

Республиканың фармацевтикалық саласы оның одан әрі дамуы үшін қажетті жоғары ғылыми-өндірістік және кадрлық әлеуетке ие. Отандық фармацевтикалық өнеркәсіптің дамуының басым бағыты ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілетті жаңа қауіпсіз және сапалы дәрілік заттарды жасау болып табылады.

Соңғы жылдары фармацевтикалық саланы дамыту үшін перспективалық өңірлердің бірі Қарағанды қаласы болып табылады. Алайда, өңірдің қолда бар өндірістік және ғылыми әлеуеті толық мөлшерде әрекет жасап отырған жоқ, фармацевтикалық өнімдерді өндіру жөніндегі кәсіпорындардың және ғылыми орталықтардың қызметі үйлестірілмеген.

"Қарағанды фармацевтикалық зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің базасында онкологиялық практикада қолданылатын "Арглабин" бірінші отандық дәрілік препаратының өндірісі игерілді.

Қарағандыда мынадай ғылыми-зерттеу институттарының: "Фитохимия" ғылыми-өндірістік орталығы" акционерлік қоғамы және "Қарағанды өсімдік шаруашылығы және селекция институты", "Қарағанды мемлекеттік медицина академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары жаңа дәрілік препараттарды жасау, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру және жоғары білікті кадрлар даярлау үшін база болып табылады.

Бұл өңірде дәрілік өсімдік шикізаттарын, буып-түю және этикеткалық материалдарды өндірушілердің, өңдеуші кәсіпорын "Қарағанды фармацевтикалық зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бар болуы қосылған құн тізбегіне қатысушы басқа ұйымдар тартылуы мүмкін саланы дамытудың кластерлік тәсілін қолдануға мүмкіндік береді.

Осы Жоспар пилоттық фармацевтикалық кластерді қалыптастыруға бағытталған және оны Қарағанды қаласында құру және дамыту жөніндегі шаралар кешенін іске асыруды көздейді

Р / с N	Іс-шара	Аяқталу нысыны	Орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар (млн. теңге)	Қаржыландыру көздері
1. Жалпы жүйелік шаралар						
1.	Қазақстан Республикасының фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамыту мәселелері	ИСМ-ге ұсыныс	ДСМ, БҒМ, ФМИ	2007 жылғы 1 тоқсан	Талап етілмейді	

	жөніндегі заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлеу					
2.	Отандық, шетелдік инвестицияларды және жаңа технологияларды фармацевтикалық салаға тартуды ынталандыру жөнінде ұсыныс дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ИСМ (жинақтау), ДСМ, БҒМ, ҚОДҚ, ФМИ	2007 жылғы 2 тоқсан	Талап етілмейді	
3.	Фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамытуға бағытталған өзекті маркетингтік зерттеулердің тақырыптарын айқындау жөнінде ұсыныс әзірлеу	ИСМ-ге ұсыныс	БҒМ, ДСМ, МТЗО, ФМИ	2007 жылғы 1 тоқсан	Талап етілмейді	
4.	Өнеркәсіптік өндірістегі жаңа дәрілік заттар саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін енгізу тетігін әзірлеу	ИСМ-ге ұсыныс	БҒМ, ДСМ, ФМИ, ҚОДҚ	2007 жылғы 2 тоқсан	Талап етілмейді	
5.	Өнеркәсіптік өндіріске енгізу үшін жаңа дәрілік заттардың қолда бар ғылыми әзірлемелерін талдауды жүргізу	ИСМ-ге ақпарат	БҒМ, ДСМ, ФҒӨО	2007 жылғы 10 шілде	Талап етілмейді	
6.	Фармацевтикалық саладағы еңбек нарығының сұранысын ескере отырып, мамандықтар жіктемесіне және жоғары және орта кәсіптік білім беру оқу бағдарламаларына өзгерістермен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	БҒМ (жинақтау), ДСМ, Еңбекмині, ИСМ, ФМИ	2007 жылғы 1 тоқсан	Талап етілмейді	
2 . Фармацевтикалық кластерді құру және дамыту						
7.	Қарағанды қаласында фармацевтикалық кластер құру мен дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесін құру	ИСМ-ге ақпарат	ҚОӘ, ФҒӨО	2007 жылғы 10 қаңтар	Талап етілмейді	
8.	Фармацевтикалық кластерге енгізілген ұйымдардың тізімін дайындау	ИСМ-ге ақпарат	ҚОӘ, ФҒӨО	2007 жылғы 10 шілде	Талап етілмейді	
	Фармацевтикалық кластер ұйымдарын қазіргі заманғы					

9.	технологиялық жабдықпен және техникамен жинақтау жөніндегі мәселені лизинг жолымен мынадай бөліктерде пысықтау: а) өтінімдер жинауды қамтамасыз ету; б) қажетті жабдықты іздеу; в) жеткізілім дер туралы шарттар жасасу	ИСМ-ге ақпарат	ҚОӘ, ИТТО, "ҚДБ-Лизинг" АҚ	Жыл сайын 10 қаңтар, 10 шілде	Талап етілмейді	
10	Фармацевтикалық кластер кәсіпорындарын ISO сапа жүйесі бойынша сертификаттау үшін қаржыландыру жөнінде ұсыныс дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ИСМ (жинақтау), ҚОӘ, ҚОДҚ, ФМИ	2007 жылғы 2 тоқсан	Талап етілмейді	
11	Дәрілік өсімдік шикізатын егу үшін сумен қамтамасыз ету, селекция питомниктерін және дәрілік дақылдардың тұқым шаруашылығын құру және дамыту мәселесі жөніндегі шаралар кешенін қабылдау туралы ұсыныс дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	АШМ (жинақтау), ҚОӘ, ҮК, ҚОСҒЗИ, ФҒӨО	2007 жылғы 2 тоқсан	Талап етілмейді	
12	Кластер қызметінің мониторингін жүзеге асыру	ИСМ-ге ақпарат	ҚОӘ	Жыл сайын 10 қаңтар, 10 шілде	Талап етілмейді	

Ескертпе :

- ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ҚОӘ - Қарағанды облысының әкімдігі
АҚ - акционерлік қоғам
ҚДБ - Қазақстанның Даму Банкі
ҚОСҒЗИ - Қарағанды өсімдік шаруашылығы және селекция ғылыми-зерттеу институты
ҮК - үйлестіру кеңесі
ҚФИ - "Қазақстан фармацевтикалық институты" жеке мекемесі
ФҒӨО - "Фитохимия" ғылыми-өндірістік орталығы" АҚ
ФМИ - "ФармМедИндустрия" Қазақстанның фармацевтикалық және

медициналық өнімдерін өндірушілер қауымдастығы" заңды
тұлғалар бірлестігі

ҚОДҚ - "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ
ИТТО - "Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" АҚ
МТЗО - "Маркетингтік және талдамалық зерттеулер орталығы" АҚ
ISO (International Organization for Standardization) - Стандарттау жөніндегі
Халықаралық ұйым

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК